

Жыл мезгілдері

**(Мектепке дейінгі ұйымдарға
арналған әдістемелік қурал)**

Мауит Асемгуль

Жұмыс орны : «Балауса» бөбекжайы» МҚҚК

Қызметі: Тәрбиеші

Бітірген оқу орны : «Гуманитарлық колледжі» МҚҚК Астана қаласы

Білімі: арнаулы орта

Педагогикалық өтілі: 14 жыл

МАЗМҰНЫ

I Түсінік хат

1.1 Кіріспе

1.2. Мақсат, міндеттері

II Негізгі бөлім

2.1. Тапсырмалар мен ойындардың маңыздылығы.

2.2. Әдіс-тәсілдерді қолдану.

2.3. Құтілетін нәтиже

2.4. Пікір

2.5. Тақырыптық тапсырмалар жиынтығы.

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

I. Түсінік хат

Жыл мезгілдері – табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды бала санасына жеткізуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды тақырыптардың бірі. Бұл әдіstemелік құрал мектепке дейінгі жастағы балалардың қоршаған әлемді тануына, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін білуіне және табиғи құбылыстарды түсінуге ықпал етеді.

Әдіstemелік құрал балалардың жыл мезгілдері туралы білімін тереңдетіп, табиғатпен байланыстыруға, олардың логикалық ойлаудың, танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Әрбір жыл мезгілінің ерекшеліктері, ауарайының өзгерістері, табиғаттағы құбылыстар, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі, адам өміріндегі маңызы қарастырылады.

Құралда әр жыл мезгіліне арналған ойындар, жаттығулар, бақылаулар, сурет салу, табиғатқа саяхат жасау сияқты әдістер қолданылып, балалардың қызығушылығын арттыру көзделген. Білім беру процесінде балалардың танымдық белсенделілігін арттыру, қоршаған әлемге деген қызығушылығын ояту мақсатында көрнекіліктер, суреттер және әңгімелер пайдаланылады.

Әдіstemелік құрал балалардың экологиялық мәдениетін, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оны қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

1.1.Kіріспе.

Балабақшада балаларды қоршаған ортамен таныстыру және табиғатты тануға баулу тәрбие мен оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Табиғат – балаларға танымдық және эмоционалдық әсер беретін керемет құрал.

Балалардың табиғаттағы құбылыстарды дұрыс түсініп, оны тереңірек тануына жыл мезгілдері туралы білімнің орны ерекше. Эр жыл мезгілінің өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас құбылыстары баланың қиялын дамытып, қоршаған әлемді терең түсінуге көмектеседі.

Бұл әдістемелік құрал балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі әдістерін қамтиды. Жыл мезгілдері тақырыбы арқылы балалар ауа-райының өзгерістерін, табиғаттағы тіршілік иелерінің өмір сүру ерекшеліктерін бақылап, танымдық қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, балалар табиғаттағы әрбір құбылыстың маңызын түсініп, оны қорғауға үйренеді. Қоршаған ортаны сезіну, оны тану және табиғатпен үндес өмір сүру – балаларды жанжақты дамытудың маңызды бөлігі.

Бұл құрал тәрбиешілерге балалардың табиғат туралы білімін кеңейтуге, олардың байқағыштығын, танымдық белсенділігін арттыруға көмектесетін тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынады.

1.2. Мақсат:

Мектепке дейінгі жастағы балаларды жыл мезгілдерімен таныстыру арқылы олардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, қоршаған орта туралы танымдық қабілеттерін дамыту және табиғатты қорғауға, оған құрметпен қарауға баулу.

Міндеттер:

1. Балалардың жыл мезгілдері туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру, әрбір мезгілдің ерекшеліктерін түсіндіру.
2. Жыл мезгілдеріне тән табиғи құбылыстарды бақылау және оларды түсіндіру дағдыларын дамыту.
3. Эр мезгілде жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне қатысты өзгерістерді танып-білуге үйрету.
4. Балалардың логикалық ойлауды, есте сақтау қабілетін және бақылағыштық қасиеттерін дамыту.
5. Жыл мезгілдеріне байланысты түрлі ойындар, шығармашылық жұмыстар мен тәжірибелер арқылы балалардың белсенділігін арттыру.
6. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа деген қамқорлық пен жауапкершілік сезімін ояту.

7. Негізгі бөлім:

8. 2.1. Тапсырмалар мен ойындардың маңыздылығы

9. Жыл мезгілдері – табиғаттағы ең маңызды құбылыстардың бірі және адамның күнделікті өміріне, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, жалпы экожүйеге үлкен әсер етеді. Эр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктері мен құбылыстары бар, олар балалардың қоршаған ортаны түсінуіне ықпал етіп, олардың ой-өрісін дамытуда маңызды рөл атқарады.

10. Жыл мезгілдері балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын түсінуге және табиғи құбылыстарды бақылауға үлкен мүмкіндік береді. Эр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктерін танып білу арқылы балалардың танымдық белсенділігі артып, табиғатты тереңірек түсіне бастайды. Сонымен қатар, жыл мезгілдері арқылы табиғатқа деген қамқорлық пен экологиялық мәдениеттің негізі қаланады. Эр мезгілде орындалатын ойындар, шығармашылық жұмыстар, тәжірибелер балалардың ой-өрісін кеңейтіп, қоршаған әлемді тануда маңызды рөл атқарады.

11.2.2. Әдіс-тәсілдерді қолдану.

12.1. Ойын арқылы оқыту әдісі

Ойындар – мектепке дейінгі балаларды оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Жыл мезгілдері туралы білім беру барысында түрлі рөлдік және қимыл-қозғалыс ойындары қолданылуы мүмкін.

13.2. Тәжірибе мен бақылау әдісі

Балаларды табиғатпен тікелей байланысқа түсіріп, олардың көру, есту, сезіну қабілеттерін дамыту мақсатында бақылау және тәжірибе әдістерін қолдану тиімді.

14.3. Сұрақ-жауап әдісі

Балаларға жыл мезгілдері туралы білім беру кезінде сұрақ-жауап әдісі өте маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы балалардың ойлау қабілеттері дамып, логикалық байланыстарды түсіну қабілеті артады.

15.4. Әңгімелеу және түсіндіру әдісі

Әңгімелеу әдісі балалардың қиялын, есте сақтау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Эр жыл мезгілінің ерекшеліктері туралы қызықты әңгімелер арқылы балалар табиғат құбылыстарын жақсырақ түсіне алады.

16.5. Көрнекілік әдісі

Көрнекі құралдар балалардың жыл мезгілдерін түсінуіне үлкен көмек береді. Мысалы, әр мезгілдің бейнелері, табиғаттағы құбылыстарды көрсететін суреттер немесе бейнематериалдар арқылы балалардың ақпаратты қабылдауы жеңілдейді. Көрнекі құралдар балалардың визуалды танымын дамытады және білім беру процесін қызықты ете

17.2.3. Қүтілетін нәтиже:

18. Танымдық қабілеттердің дамуы:

19. Балалар жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсінеді және оларды бір-бірінен ажырата алады. Эр жыл мезгіліндегі табиғи құбылыстарды, ауа райы өзгерістерін және өсімдіктер мен жануарлар өзгерістерді танып біледі. Балалар табиғатты бақылауға және қоршаған орта туралы сұрақтар қоюға дағдыланады, олардың танымдық белсенділігі артады.

20. Экологиялық сана қалыптасуы:

21. Балалар табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінеді және оған қамқорлықпен қарауға үйренеді.

22. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі дамиды.

23. Балалар экологиялық тәрбие негіздерін менгеріп, қоршаған ортаға үқыпты қарауға дағдыланады.

24. Ойлау және шығармашылық қабілеттерінің дамуы:

25. Берілген тапсырмалар мен ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, салыстыру, талдау және қиялдау қабілеттері дамиды.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде балалар өз ойларын еркін жеткізуге, сурет салуға және өз идеяларын дамытуға мүмкіндік алады.

26. Әлеуметтік және коммуникативтік дағдылардың дамуы:

27. Топтық жұмыстар мен ойындар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, өз ойларын еркін жеткізуға үйренеді.

28. Коммуникативтік дағдылары жетіледі, топпен жұмыс істеу қабілеттері қалыптасады.

29. Эр жыл мезгілінің ерекшеліктерін есте сақтау:

30. Балалар жыл мезгілдеріне қатысты білімдерін есте сақтап, күнделікті өмірде қолдана алады.

31. Олардың жыл мезгілдері туралы түсініктері кеңейіп, қоршаған орта туралы ақпаратты жүйелеу дағдылары дамиды.

32.2.4. Әдіскердің пікірі:

33. Бұл әдістемелік құрал мектепке дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Жыл мезгілдері тақырыбы арқылы балаларды табиғат әлемімен таныстырып, олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Әдістемелік құрал құрылымы мен мазмұны жағынан жүйелі жасалған, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған.

Әдістемелік құралда жыл мезгілдері туралы берілген ақпарат баланың табиғатты тану процесін жеңілдетуге және қызықты етуге арналған. Балалардың қабылдауына жеңіл, мазмұны жағынан бай тапсырмалар мен ойындар оқу процесін қызықтырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, оқу барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер балалардың ойлау, бақылау, салыстыру, талдау қабілеттерін дамытады. Әдістер тиімді әрі әртүрлі болуы балалардың оқу барысындағы белсенділігін қамтамасыз етеді. Бұл құралдың тағы бір ерекшелігі – балаларға экологиялық тәрбие беру мүмкіндігі. Жыл мезгілдері арқылы табиғаттағы құбылыстарды түсіндіріп қана қоймай, табиғатты қорғау қажеттілігін де үйретеді. Балаларды табиғатпен тығыз байланыста тәрбиелеу олардың қоршаган ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Экологиялық білім беру бүгінгі күні өте маңызды болып табылады, сондықтан осы құрал балалардың экологиялық санасын қалыптастыруды да тиімді. Әдістемелік құралдағы тапсырмалар мен ойындар баланың физикалық және зияткерлік дамуына да он әсер етеді. Әсіресе, қымылды ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайту мен табиғи құбылыстарды тәжірибелік жолмен тануга жағдай жасалады. Сонымен қатар, құралда әр жыл мезгіліне арналған көрнекі құралдарды пайдалану балалардың ақпаратты визуалды түрде жақсы менгеруіне мүмкіндік береді.

34. Қорытындылай келе, бұл әдістемелік құрал тәрбиешілер үшін оқу процесін тиімді ұйымдастыруды өте маңызды көмекші құрал болады деп сенемін. Балабақшада жыл мезгілдері тақырыбын оқытуда және экологиялық тәрбие беруде оның қажеттілігі зор. Құралдың мазмұны қызықты, ал қолданылатын әдістер мен тапсырмалар баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

ҚЫС МЕЗГІЛІ

Қыс айларын атап бер.

Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Аспан бұлтпен жабылады.

Жиі қар жауады.

Өзендерді мұз басады.

Кейде боран немесе дауыл болады.

Қар ағаштарды, алқаптарды, үйлерді жауып тастады.

Күн қысқарады, ал түн ұзарады.

Қыстайтын құстар ұшып келді.



желтоқсан



қантар




акпан

Суретке қара. Қыстап қалатын құстарды көрсет және оларды ата.



Қыс туралы айтуға көмектесетін мүмкіндігінше көп сөздерді танда.
(сүйк, қарлы, боранды, аязды.)

Қардың қалай жауатынын сипаттауға көмектесетін мүмкіндігінше көп етістіктерді танда. (Қар жауды, ұшты, боранды, еріді, жылтырладап тұр,)
Балалар қыста қандай ойындар ойнайды, ал ересектер немен айналысады?
(Суретке қара, «Қыс келді» тақырыбына әнгіме құра)



Сен қыста серуенге шыққалы жатырсың. Қандай киім киесің?

Суретке қарап, бұл киімді айналдырып сызып, атауын айт.



ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҚ. ОЙЛАН ТАП ЖӘНЕ ЖАЛЫҚПА!

► Кішкентай күшік мұрнын салқын қарға тығып, таңырқай түшкірді.

Мұнда не туралы екенін ойланып, суреттен көрсетіп айт.

Сонда сен аңқау күшікке қыстың белгілерін білуге көмектесесің.

Жерді ақ көрпеге ораған не? (Қар)

Қар қандай? (Үлпілдек, ақ және салқын).

Қарға мұқият қарасақ, нені көруге болады? (Қар ұшқынын).

Қардан не жасауга болады? (Қар добын).

Қардың ұстімен не тебуге болады? (Шаңғы, шана).

Егер қар жауып, қатты жел соқса, не болады? (Боран.)



Тоғандағы немесе өзендеңі жылтыр тегіс бетті не деп атایмыз? (Мұз).

Мұз қандай? (Суық және тайғақ.) Мұзда не істеуге болады?

(Коньки тебуге болады).

Қазір ағаштарда не көрінбейді? (Жапырақтар).


Саябақтарда қызыл төсті құстар пайда болды.

Олардың аты «суық» сөзіне ұқсас. Бұл қандай құстар? (Суық торғай.)

Кілт сөздер: қыстың белгілері, қыста қолданатын заттар, жұмбақтар.

Қыс мезгілінің қызықтары туралы жұмбақтарды тыңда.

Жауабын тауып, тиісті сурет




Қыс айында мұз айдында,
Жүгіріп зыр қағады.
Бір адамды екеу ара,
Көтеріп ап барады.

(Коньки.)

Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы
Қыста қардан туатын,
Тауып көрші сен оны.

(Аққала.)



Зулап түсіп төменге,
Шықпас менсіз төбеге.

(Шана.)

Қайқы тұмсық қос табан,
Қос таяқпен ұштаған.
Итерсең алға заулайды,
Шойын жолдан аумайды.

(Шаңғы.)




КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ


Көктем айларын атап бер.



наурыз



сәүір



мамыр

Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Қар біртіндеп ери бастайды, жылғалар пайда болады.

Өзендері мұздар ери бастайды.

Көктемгі аспанда күн ашық болады және дала жыли бастайды.

Күн ұзарып, түн қысқара бастайды.

Жылы жақтан құстар қайтып келеді

Құстар ұя салады.

Жануарлар қысқы үйқыдан оянады.

Ағаштарда бүршік жарады.

Қар еріген жерлерде алғашқы гүлдер: інжугүл және бәйшешек шығады.



Көктемде адамдар не істейді?


Суретке қарап, «Ауылдағы көктем» тақырыбында әңгіме құрастыр.

КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ


Көктем айларын атап бер.



наурыз



сәуір



мамыр

Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Қар біртіндеп ери бастайды, жылғалар пайда болады.

Өзендері мұздар ери бастайды.

Көктемгі аспанда күн ашық болады және дала жыли бастайды.

Күн ұзарып, түн қысқара бастайды.

Жылы жақтан құстар қайтып келеді

Құстар ұя салады.

Жануарлар қысқы үйқыдан оянады.

Ағаштарда бүршік жарады.

Қар еріген жерлерде алғашқы гүлдер: інжугүл және бәйшешек шығады.



Көктемде адамдар не істейді?

Суретке қарап, «Ауылдағы көктем» тақырыбында әңгіме құрастыр.

- Күн мен түн Қыс мезгіліне қарағанда қалай қзгереді?
- Қектемде ауа райы қалай өзгереді?
- Қектемде негізгі қандай мейрамды атап өтеміз?
- Қектемде алғашқы қайдай гүлдер шығады?

- Қектемде күн ҰЗАРАДЫ, ал түн ҚЫСҚАРАДЫ.
- Күн АШЫҚ болады, қар еріп, күн ЖЫЛИДЫ.
- Қектемде НАУРЫЗ мейрамын атап өтеміз.
- БӘЙШЕШЕК, ИНЖУГУЛ, АЯЗШӨП және т.б.



Сен жылы мамыр күнінде серуендеуге шыққалы жатырысың. Қандай киім киесің?

Суретке қарап, бұл киімді айналдырып сыйып, атаудың айт.

КӨКТЕМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ. КӨКТЕМДЕ НЕ ЕРИДІ?

► Суретке қара.

Суретте қай жыл мезгілі? (Көктем.)

Қалай таптың? (Ағаштар көгереді, құстар ән салады, гүлдер өседі.)

Көктемгі, таза, көгілдір. Бұл не? (Аспан.)

Алыс жерден қандай құстар оралды? (Жыл құстары.)

Суретте қандай жыл құстарын көріп тұрсын? (Таған және қарлығаш.)

Көктемнің қандай алғашқы гүлдерін білесің?

Суретте қандай гүлдерді көріп тұрсың? (Бәйшешек және өгейшөп.)

Көктемгі ағаш пен күзгі ағаштың айырмашылығы неде?

Көктемде қандай жәндіктер шығады?

Көктемді қандай түспен салғың келеді?



► Қыс мезгілі қалай кетіп бара жатқанын әнгімелे.

Табиғатта не болады? :

► Кілт сөздер: көктемнің белгілері, қар мен мұздың еруі.

Көктемде күн жылдынады, таңғажайып оқиғалар орын алады.

Шатырдағы мұздар еріп, тамшылайды.


Бұл құбылыс қалай аталады? (Мұздың еруі.)

Жылғалардағы су қайдан келді? (Қар еріп, суға айналды.)

Өзендері мұз жарылып, мұз кесектері су бетінде қалқып жүр.

Бұл құбылыс қалай аталады? (Сен жұру.)

Көктемде тағы қандай құбылыстар болады?



Жұмбақты тап. Суретті боя.

Ал сен көктемде күн ұзарып, тұн қысқаратынын байқадың ба?

Гүл ұшып гүлге қонады,
Гүл бақшам гүлге толады.

(Кәбелек.)



ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. ҚЫС – КӨКТЕМ


► Жоғарғы суреттерді тиісті суретпен сәйкестіндір.

Суретте берілген жыл мезгілдерін ата.

Қыс пен көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?

Қыста қандай табигат құбылыстары болды?


Көктемде қандай табигат құбылыстары болады?



► Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.

Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.





► Жоғарғы суреттерді тиісті суретпен сәйкестіндір.

Суреттерге сипаттама бер. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерін ата




Төменде қай сурет артық? Оны сыйып таста.

Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.



ЖАЗ МЕЗГІЛІ

► Жаз айларын атап бер.



Табиғатта қандай өзгерістер болады

Күн жарық шуағын шашады және жерді жылтытады.

Ағаштарда жапырақтар жайқалып өседі, жер шөп пен гүлдерге оранады.

Ағаштарда жемістер, орманда және бақшаларда жидектер піседі.



Құстарды балапандары өседі, жануарлар төлдейді.

Күн түнге қарағанда ұзақ болады.

Дала күндіз, түнде жылы болады.

Жануарлар қысқы үйқыдан оянады.

Өзендерде, көлдерде, тоғандарда су жылы болып тұрады.




Адамдар жазда не істейді?

Бұл туралы суретке қарап, әңгіме құра. Тақырыбын ойлап тап.

• Сен жазда өзенге шомылып, күнге қыздырынуға барғалы жатсың.


Қандай киім киесің?

□ Суретке қарап, бұл киімді айналдырып сзызып, атауын айт.




Жаз бізге қандай жеміс-жидектер, гүлдер және көкөністер сыйлайды?

Суретке қарап, оларды ата және көрсет.




► Жоғарғы суреттерді тиісті суретпен сәйкестіндір.

Жаз мезгілінің ерекшеліктерін ата. Ормандада нелер көріп тұрсың?



► Жаз мезілін мнемотехникамен сипатта

МНЕ МОКЕСТЕЖАЗ МЕЗГІЛІ



КҮЗ МЕЗГІЛІ

► Күз айларын атап бер.



Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Ағаштардың жапырақтары түсін өзгереді және жерге түседі.

Шөптер біртіндеп сарғаяды.


Құстар топталып, онтүстікке, жылы жаққа ұшып кетеді.

Жануарлар түстерін өзгереді, ал кейбіреулері қысқы үйқыға кетеді.

Күзгі аспанда бұлттар көбейе түседі.

Жиі жаңбыр жауады.




Қараша айында тіпті қар жауады, ал өзендердің бетін жұқа мұз басады.



Күзде адамдар не істейді? Күз оларға қандай «сыйлықтар» дайындауды?

Суретке қарап, «Жомарт күз» тақырыбында әңгіме құрастыр.

Суреттерге қарап, күзде ағаш жапырақтарының қандай түске боялатынын айтып бер.



• Егер күзгі жапырақта сары және қызыл түс болса, онда бұл жапырақ қандай түсті?

□ Бұл жапырақ САРҒЫШ-ҚЫЗЫЛ түсті.

• Егер күзгі жапырақта жасыл және сары түс болса, онда бұл жапырақ қандай түсті?

□ Бұл жапырақ САРҒЫШ-ЖАСЫЛ түсті.



Егер сен балабақшаға баруға дайындалып жатсаң, ал сыртта жаңбыр жауып, сұық жел соғып тұрса, қандай киім киесің?


Суретке қарап, бұл киімді айналдырып сыйып, атауын айт.

КҮЗ. ЖЫЛ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ ҚҰСТАР

► Суреттегі үйенкі, емен және каштан жапырақтары қандай тұсті?

Шетеннің жидектері мен жапырақтары қандай тұсті?

Ағаштардың жапырақтары түрлі-тұсті, шетен жидектері сарғыш болатын, жаңбыр жиі жауатын жыл мезгілі қалай аталады?



► Суреттегі құстарға қара. Қалада (немесе ауылда) жазда да, қыста да көріп жүрген құстар қалай аталады? (Көгершін, торғай, қарға).

Олардың айналасындағы шеңберлерді көк түске боя.


Бұлар ... құстар деп аталады. (Отырықшы).

Суреттегі басқа құстарды ата. (Таған, қарлығаш, үйрек).

Бұл құстар қыста жылы жаққа ұшып, көктемде қайтып келеді.

Бұл құстар қалай аталады? (Жыл).


Олардың айналасындағы шеңберлерді сары түске боя



Кілт сөздер: күздің белгілері, жыл және отырықшы құстар, үстінде, астында, алдында, артында.

Шымшық - кішкентай құс, бірақ сұық қыстан қорықпайды, ол қыстап қалады. Шымшық тығылмақ ойынын бастады, ал торғай қостады.

Кім қайда жасырынғанын айт. (Ағаштың артында, ағаштың басында, жапырақтың астында, шөпте



► Жұбын тап. Бірдей түсті қолшатырларды қос.



Айтшы, күзде қолшатырлар кімге керек. Олар не үшін қажет?

Ал сенде қолшатыр бар ма?



БАҚША


► Ойлан да, жақтаудың ішіндегі суретпен логикалық байланысы бар суреттерді ғана айналдыра белгіле.




► Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.

Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.





► Ойлан да, жақтаудың ішіндегі суретпен логикалық байланысы бар суреттерді ғана айналдыра белгіле.



► Төменде қай сурет артық? Оны сзып таста.

Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.

Бақшаға қайсы заттарды пайдаланамыз.



ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. ЖАЗ – КҮЗ


► Жоғарғы суреттерді тиісті суретпен сәйкестіндір.

Суретте берілген жыл мезгілдерін ата.

Жаз бен күз мезгілінің ерекшеліктері қандай?

Жазда қандай табиғат құбылыстары болды?


Күздде қандай табиғат құбылыстары болады?



Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.




Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.



► Төменде қай сурет артық? Оны сызып таста.



Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.

Ол сурет қай мезгілге сәйкес келеді. Өз ойынды айт.



► Төменде қай сурет артық? Оны сызып таста.


Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.



► Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.


Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.



Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.


Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос үяшыққа сал.



► Төменде қай сурет артық? Оны сызып таста.


Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.

Сызылған сурет қай мезгілдің көріңі?



► Төменде қай сурет артық? Оны сызып таста.


Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндір




Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.

Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.



► Төменде қай сурет артық? Оны сзып таста.



Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.


Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос ұяшыққа сал.



► Суреттерді қара.


Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.

Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос үяшыққа сал.



► Төменде қай сурет артық? Оны сыйып таста.


Не үшін оның сәйкес келмейтінін түсіндіріп бер.



► Суреттерді қара.

Олардың белгілі бір тәртіппен кезектесіп тұрғанына назар аудар.

Қатарды жалғастыр: ойлан да, келесі қандай сурет болуы керек екенін бос үяшыққа сал.



Қорытынды

Жыл мезгілдері тақырыбына арналған әдістемелік құрал мектепке дейінгі балаларды табиғатпен таныстыруды маңызды рөл атқаратын кешенді құрал болып табылады. Бұл құралдың басты мақсаты – балаларға жыл мезгілдерінің өзгерістері мен табиғаттағы құбылыстарды түсіндіріп, олардың танымдық, шығармашылық және экологиялық сана-сезімдерін дамыту. Оқу процесінде табиғатпен байланыс орнату балалардың қоршаған ортаны тереңірек түсінуіне, қызығушылықтарының артуына және экологиялық тәрбие алуға мүмкіндік береді. Әдістемелік құралда әр жыл мезгілінің ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталып, әртүрлі ойындар, тапсырмалар және әдіс-тәсілдер арқылы балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтары оянады. Ойындар мен қимылды әрекеттер арқылы балалардың физикалық дамуы, қимыл үйлестіруі жақсарады, ал шығармашылық тапсырмалар баланың ойлау қабілетін дамытады және қиялын шындаиды. Сонымен қатар, бұл әдістемелік құрал балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Балалар табиғатқа қамқорлықпен қарауды, қоршаған ортаны қорғауды үйреніп, экологиялық тәрбие негіздерін меңгереді. Бұл – болашақта олардың жауапкершілікті, табиғатты сүйетін азамат болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды қадам. Әдістемелік құралды тиімді пайдалану нәтижесінде балалардың танымдық белсененділігі артып, олардың табиғатты түсіну деңгейі жоғарылайды. Оқу үдерісінде пайдаланылған әдістер мен ойындар алалардың топта өзара әрекеттесуін жақсартып, коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы-ға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың үлгілік оқу бағдар-ламасы.
3. Жапанова Р. Н., Аширбекова Қ. С. «Мектепке дейінгі ұйымда балаларға экологиялық тәрбие беру тәсілдері» – 2018. – №. 3. – С. 90-93.
4. Галиева А. Н., Ахметова Г. Б. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру.